

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 197ах Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 310-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу.";

"Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жүйесінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу";

2) көрсетілген қаулыға 311-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"көбейткіш - 1 бірлік" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын :

", экспонат - 1 бірлік";

"бірегей құралдарды сақтауға - 4 дана сейф" деген жол мынадай редакцияда жазылсын :

"бірегей құралдарды сақтауға арналған сейфтер - 1 дана; компьютер - 1 жиынтық; цифрлі фотоаппарат - 1 дана; үстел - 2 дана; орындық - 2 дана; кресло - 2 дана";

"концерт роялі - 1 дана;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"концерттік залға арналған жарық жабдықтары - 1 жиынтық; мұражай орталығын құруға және қалпына келтіруге арналған жабдықтар - 3 жиынтық; экспонаттар - 50 дана";

3) көрсетілген қаулыға 312-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанының реттік нөмірі 2-жолында:

"автомашина - 1 дана" деген жолдан кейін ", көбейткіш аппарат - 1 дана" деген сөздермен толықтырылсын;

4) көрсетілген қаулыға 315-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"3 театрдың Каир, Лондон, Париж қалаларындағы халықаралық фестивалге қатысуы; 4 музыкалық топтың Италия, Франция, Германия, Қытай қалаларындағы халықаралық фестивалге қатысуы," деген сөздер "Театр және музыка ұжымдарының халықаралық фестивальдерге қатысуы;" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Париж қаласында Қазақстанның халық суретшісі Ә. Қастеев жұмыстарының мерейтойлық көрмесін өткізу" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК